

**Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 541 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 496 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 тамызда № 11825 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015 № 1021 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2015 № 807 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 13-бабы 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бақылау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы тексеру парағының нысаны;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бақылау саласында мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Мынадай:

1) «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 284-ө

және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 232 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7116 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 319 (26710) жарияланған);

2) «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында және мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 285-ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 233 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7111 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 319 (26710) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

**« К Е Л І С І Л Д І »**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Бас прокуратурасының**  
**Құқықтық статистика және**  
**арнайы есепке алу жөніндегі**  
**комитетінің төрағасы**

\_\_\_\_\_ **С. Айтпаева**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
элеуметтік даму министрінің  
2015 жылғы 30 маусымдағы № 541  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 2 шілдедегі № 496  
бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Арнаулы элеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді элеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Арнаулы элеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді элеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді элеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі және «Арнаулы элеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және «Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 343 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11082 болып тіркелген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау кезеңі – автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің және басқа да ақпарат көздерінің есептілік мониторингісі нәтижелерінің негізінде объективті және субъективті критерийлер бойынша тәуекелдерге бағалау жүргізілетін

белгілі бір уақыт кезеңі. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін Критерийлерде пайдаланылатын бағалау кезеңі – жартыжылда 1 р е т ;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, мүгедектердің, зейнеткерлердің және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдардың заңды мүдделеріне зиян келтірілу ықтималдығы;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері (бұдан әрі – объективті критерийлер) – қызметін жүзеге асыру кезінде және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей бағынысты емес, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы әлеуметтік тәуекелі бар субъектілерді іріктеу үшін пайдаланылатын критерийлер;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері (бұдан әрі – субъективті критерийлер) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметінің нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

5) тексерілетін субъектілер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы жеке және заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

## **2. Объективті критерийлер**

3. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу мынадай объективті критерийлерді ескере отырып жүзеге асырылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру процесіндегі және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы зиянның ықтимал жағымсыз салдары а у ы р л ы ғ ы н ы ң а у қ ы м ы ;

2) адамның денсаулығына қолайсыз әсер ету ықтималы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері.

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы қызметін жүзеге асыратын барлық тексерілетін субъектілер;

2) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мүгедектерді оңалту іс-шараларын орындау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын, мүгедектердің денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, білім

беру және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы барлық тексерілетін субъектілер жатады.

5. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы сауда, тұрмыстық, өндірістік, тұрғын үй, шаруашылық, коммуналдық, дене шынықтыру және спорт, қоғамдық тамақтануға, демалыс (ойын-сауық және мәдениет инфрақұрылымы) объектілеріне мүгедектердің қолжетімділігін жүзеге асырушы тексерілетін субъектілер жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды.

### 3. Субъективті критерийлер

6. Іріктеп тексеру жүргізу үшін жоғары тәуекел дәрежесіне жататын тексерілетін субъектілерді (объектілерді) бөлу және іріктеу субъективті критерийлер арқылы жүзеге асырады.

7. Тәуекел дәрежесінің субъективті критерийлерін анықтау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) тексерілетін субъектілер ұсынатын, соның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер мен салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтердің мониторингінің нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің нәтижелері және бақылаудың басқа да нысандарының нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

4) уәкілетті органдар мен сұрату бойынша ұйымдарға ұсынылатын мәліметтерді талдау, есептік деректердің нәтижелері.

8. Субъективті критерийлер маңыздылық дәрежесіне қарай үш топқа бөлінеді: өрескел, едәуір, болмашы. Субъективті критерийлерді бұзушылықтардың және ақпарат көздерінің маңыздылық дәрежесіне қарай бөле отырып, осы Критерийлерге қосымшада келтірілген.

9. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу кезінде бүкіл көздерден тұратын тиісті критерийлер бойынша тексерілетін субъектілерді бағалау: алдыңғы тексерулердің нәтижелері, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері, интернет-ресурстары бойынша жүргізіледі. Бағалау арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуды, мүгедектерді оңалту іс-шараларын орындауды, қолжетімділікті қамтамасыз етуді ескере отырып, жүзеге асырылады.

10. Тәуекелдің өрескел дәрежесінің бір немесе бірнеше орындалмаған талаптары 100 көрсеткішке теңестіріледі және тексерілетін субъектіні іріктеп

тексеру үшін таңдап алуға негіз болып табылады. Орташа және болмашы талаптар бойынша іріктелген тексеруге тексерілетін субъектіні (объектіні) одан әрі бағалау жүргізілмейді.

11. Өрескел дәреженің орындалмаған талаптары болмаған жағдайда бұзушылықтардың едәуір және болмашы дәрежесінің жиынтық көрсеткіші айқындалады.

Едәуір дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және  $\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$  формуласы бойынша есептеледі, мұндағы:

$\Sigma P_3$  – едәуір дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – ақпараттың барлық көздері бойынша тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге ұсынылған едәуір дәреже талаптарының жалпы саны;

$\Sigma P_2$  – едәуір дәреженің бұзылған талаптарының саны.

12. Болмашы дәреже көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_H = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$$

мұндағы:

$\Sigma P_H$  – болмашы дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге ұсынылған болмашы дәреже талаптарының жалпы саны;

$\Sigma P_2$  – болмашы дәреженің бұзылған талаптарының саны.

13. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (УР) 0-ден бастап 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша көрсеткіштерді қосу жолымен айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_H$$

мұндағы:

$\Sigma P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma P_3$  – едәуір дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$\Sigma P_H$  – болмашы дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

14. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша тексерілетін субъект (объект):

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – 60-тан бастап 100-ге дейінгі дәреже көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды – 1-ден бастап 60-ға дейінгі дәреже көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілмейді.

15. Талдау және бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге)

қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективтік критерийлерінің деректері қолданылмайды.

16. Іріктеп тексеру жүргізу үшін бағалау нәтижелерінің негізінде субъектілердің (объектілердің) тізімі қалыптастырылады.

17. Іріктеп тексеру жүргізу субъектілерінің (объектілерінің) тізімі:

1) тәуекел дәреженің ең көп көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілерінің) б а с ы м д ы л ы ғ ы ;

2) тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамдарының жүктемесі ескеріле отырып жасалады.

18. Іріктеп тексеру жүргізу үшін бұдан кейінгі тізімдер ағымдағы кесте бойынша іріктеп тексерумен толық қамтылғаннан кейін жасалады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне қосымша

### **Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы субъективті критерийлер**

Р/с №	Индикаторлардың атауы	Бұзушылық дәре:
1. Алдыңғы тексерулердің нәтижелері бойынша (ауырлық дәрежесі төменде тізбеленген талаптар сақталмаған жағ, белгіленеді)		
1.1 Барлық тексерілетін субъектілер (объектілер) үшін жалпы критерийлер		
1	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағалауды жүргізу мерзімдерін сақтау және қажеттілігін айқындау (өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде)	едәуір
2	Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығару мерзімдерін сақтау (арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкердің қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде)	едәуір
1.2 Стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеум қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілер/ұйымдар үшін критерийлер		
1	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағалауды жүргізу мерзімдерін сақтау және қажеттілігін айқындау және ұйым мамандардың бақылауы: стационарлық үлгідегі ұйымға түскен күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде; жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға/үйде қызмет көрсету ұйымына түскен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде; уақытша болу ұйымына түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде	өрескел

2	Арнаулы әлеуметтік қызметтерді әрбір алушыға арналған, олардың қажеттіліктері мен уақтылы бекітілуі ескерілген жеке жұмыс жоспарының/шартының болуы	өрескел
3	Көрсетілетін қызметті алушылардың нақты құрамының Е-собес ААЖ есептілік деректерімен сәйкес келуі	өрескел
4	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қажеттілігін ескерместен жеке жұмыс жоспарын/шартын және электрондық картотеканы толық толтыру	едәуір
5	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді негізді түрде тоқтата тұру және/немесе тоқтату	едәуір
6	Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығымен бекітілген халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарымен белгіленген ұйымдардағы персоналдың ең аз штаттық нормативтеріне қызметкерлер санының сәйкес келуі	едәуір

### 1.3 Стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілер/ұйымдар үшін критерийлер

1	Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. интернат үйлерінде, оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік бейімдеу орталықтарында қызмет көрсетілетін адамдар үшін заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтандыруды қоса, тамақ ұсыну;	өрескел
	2. тұрмыста өз-өзіне қызмет көрсету, санитарлық-гигиеналық рәсімдер үшін жағдай жасау ;	өрескел
	3. тұру үшін тұрғын үй алаңын, үй-жай ұсыну;	едәуір
	4. жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы, тұрмыстық қызмет көрсетудегі әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету;	едәуір
	5. көлік, шаштараз, жерлеу қызметтерін ұсыну;	едәуір
	6. көзделген жұмсақ инвентарды ұсыну	едәуір
2	Әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. медициналық-әлеуметтік тексеруді, алғашқы медициналық тексеруді және алғашқы санитарлық тазалауды, медициналық рәсімдерді, оңалту іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу;	өрескел
	2. дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;	едәуір
	3. паллиативтік, психиатриялық және психотерапевтік көмек қызметтерін көрсету;	өрескел
	4. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға, протездік-ортопедиялық және есту протездік жәрдем көрсету;	едәуір
	5. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторлық-курорттық ем алумен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдем көрсету	едәуір



3	Әлеуметтік-психологиялық қызметтер ұсыну шарттарын сақтау: 1. психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультациялар беруді, түзетуді жүзеге асыру;	едәуір
	2. психологиялық көмек көрсету, психологиялық тренингтер өткізу;	едәуір
	3. әлеуметтік-психологиялық патронаж, психопрофилактикалық жұмыс жүргізу	едәуір
4	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер ұсыну шарттарын сақтау: 1. әлеуметтік-педагогикалық консультациялар, педагогикалық диагностика және түзету жүргізу;	едәуір
	2. балалардың білім алуына жәрдем көрсету;	едәуір
	3. тұрмыстық бағдар беру, өз-өзіне қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру негіздеріне, тіл табысу дағдыларына және басқа да тыныс-тіршілік түрлеріне үйретуді жүзеге асыру;	едәуір
	4. есту қабілеті бұзылған балалар мен мүгедектердің, сондай-ақ олардың ата-аналары мен басқа да мүдделі адамдардың ымдау тілін меңгерулеріне жәрдем көрсету, сондай-ақ ымдау тіліне аудару бойынша қызметтер көрсету	едәуір
5	Әлеуметтік-еңбек қызметтерін ұсыну шарттарын сақтау: 1. емдеу-еңбек ету қызметін жүргізу;	едәуір
	2. жоғалтқан тұрмыстық дағдыларын қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;	едәуір
	3. еңбек дағдыларын тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	болмашы
6	Әлеуметтік-мәдени қызметтер ұсыну шарттарын сақтау: 1. мерекелер мен бос уақыттағы демалыс іс-шараларын ұйымдастыру;	едәуір
	2. клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және оларды жүргізу;	едәуір
	3. көрсетілегін қызметті алушыларды бос уақыттағы демалыс іс-шараларына тарту	болмашы
7	Тиісті жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдем көрсету бойынша әлеуметтік-экономикалық қызмет көрсету шарттарын сақтау	едәуір
8	Әлеуметтік-құқықтық қызметтер ұсыну шарттарын сақтау: 1. заңдық консультациялар беру және заңдық көмек көрсету;	едәуір
	2. мүдделер құқығын қорғау үшін сотта өкілдікті қамтамасыз ету	едәуір

1.4 Жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілер/ұйымдар үшін критері

	Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. интернат үйлерінде, оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік	едәуір
--	--	--------

1	бейімдеу орталықтарында қызмет көрсетілетін адамдар үшін заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтандыруды қоса, тамақ ұсыну;	
	2. тұру үшін тұрғын үй алаңын, үй-жай ұсыну;	едәуір
	3. жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы, тұрмыстық қызмет көрсетудегі әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету;	едәуір
	4. көлік қызметтерін ұсыну;	едәуір
	5. көзделген жұмсақ инвентарды ұсыну	едәуір
2	Әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. медициналық-әлеуметтік тексеруді, медициналық рәсімдерді, оналту іс-шараларды, күтімді ұйымдастыру және жүргізу;	ө р е с к е л
	2. дәрігерге дейінгі көмек көрсету;	өрескел
	3. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға, протездік-ортопедиялық және есту протездік жәрдем көрсету;	едәуір
	4. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторлық-курорттық ем алумен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдем көрсету	едәуір
3	Әлеуметтік-психологиялық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультациялар беруді, түзетуді жүзеге асыру;	едәуір
	2. психологиялық көмек көрсету, психологиялық тренингтер өткізу;	едәуір
	3. әлеуметтік-психологиялық патронаж, психопрофилактикалық жұмыс жүргізу	едәуір
4	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. әлеуметтік-педагогикалық консультациялар, педагогикалық диагностика мен түзету жүргізу;	едәуір
	2. балалардың білім алуына жәрдем көрсету;	едәуір
	3. тұрмыстық бағдар беру, өз-өзіне қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру негіздеріне, тіл табысу дағдыларына және басқа да тыныс-тіршілік түрлеріне үйретуді жүзеге асыру;	едәуір
	4. есту қабілеті бұзылған балалар мен мүгедектердің, сондай-ақ олардың ата-аналары мен басқа да мүдделі адамдардың ымдау тілін меңгерулеріне жәрдем көрсету, сондай-ақ ымдау тіліне аудару бойынша қызметтер көрсету	едәуір
5	Әлеуметтік-еңбек қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. емдеу-еңбек ету қызметін жүргізу;	едәуір
	2. жоғалтқан тұрмыстық дағдыларын қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;	едәуір
	3. кәсіптік бағдар беру, оңалту, еңбек дағдыларын қалыптастыру және мамандық алуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;	едәуір
	4. еңбек дағдыларын тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	едәуір

6	Әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. мерекелер мен бос уақыттағы демалыс іс-шараларын ұйымдастыру;	едәуір
	2. клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және оларды жүргізу;	едәуір
	3. көрсетілетін қызметті алушыларды бос уақыттағы демалыс іс-шараларына тарту	болмашы
7	Әлеуметтік-экономикалық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. тиісті жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдем көрсету;	едәуір
	2. қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ балалар тәрбиелеп отырған және он сегіз жастан асқан адамдарды күтіп-бағатын отбасыларға өзін-өзі қамтамасыз ету және отбасының материалдық жағдайын жақсарту мәселелері бойынша консультациялар жүргізу	болмашы
8	Әлеуметтік-құқықтық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. заңдық консультациялар беру және заңдық көмек көрсету;	едәуір
	2. адвокаттың заңдық көмегін тегін алуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету	болмашы

1.5 Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілер/ұйымдар үшін критеріі

1	Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы, тұрмыстық қызмет көрсетудегі әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету;	едәуір
	2. қарттар мен мүгедектерді үйден тыс жерде бір елді мекен шегінде ілесіп жүру, ыстық тамақ, азық-түлік және күнделікті қажетті азық-түліктік емес тауарларды сатып алу және үйге жеткізіп беру, ас әзірлеуге көмектесу, пеш жағуға, отын, көмір және су әкелуге жәрдемдесу, киімдерді жууға, химиялық тазалауға, жөндеуге тапсыру және оларды алып келу, кір жууға көмектесу, тұрғын үй-жайларды жөндеуге және жинауға жәрдемдесу, тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді төлеуге жәрдемдесу, жерлеу қызметін ұйымдастыруға көмектесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;	едәуір
	3. көрсетілетін қызметті алушылар отбасының мүшелерін жеке қызмет көрсету және санитарлық-гигиеналық сипаттағы практикалық дағдыларға үйретуді жүзеге асыру	едәуір
2	Әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. консультациялар жүргізуді, медициналық рәсімдерді, оңалту іс-шараларын, санитарлық-гигиеналық қызметтерді жүзеге асыру;	өрескел
	2. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға, протездік-ортопедиялық және есту протездік жәрдем көрсету;	едәуір
	3. балаларды патронаждық бақылауды, үйге дәрігер шақыртуды жүзеге асыру және денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетілетін қызметті алушыларға ілесіп жүру;	едәуір
	4. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторлық-курорттық ем алумен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етуге жәрдем көрсету	едәуір
3	Әлеуметтік-психологиялық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. әлеуметтік-психологиялық патронаж жүргізу;	едәуір
	2. әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету	едәуір

4	Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. әлеуметтік-педагогикалық консультациялар, отбасы мүшелеріне консультациялар жүргізу;	едәуір
	2. тұрмыстық бағдар беру, өз-өзіне қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру негіздеріне, тіл табысу дағдыларына және басқа да тыныс-тіршілік түрлеріне үйретуді жүзеге асыру;	едәуір
	3. балалардың білім алуына, кәсіптік білім алуына жәрдем көрсету	болмашы
5	Әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету шарттарын сақтау: 1. кәсіптік бағдар беру жөніндегі іс-шараларды өткізу;	едәуір
	2. көрсетілетін қызметті алушылар мен олардың отбасы мүшелеріне үй жағдайындағы жұмысты ұйымдастыруда консультациялар жүргізу;	болмашы
	3. мамандық алуға жәрдем көрсету	болмашы
6	Әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. мерекелер мен бос уақыттағы демалыс іс-шараларын ұйымдастыру;	едәуір
	2. клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;	едәуір
	3. көрсетілетін қызметті алушыларды бос уақыттағы демалыс іс-шараларына тарту	болмашы
7	Әлеуметтік-экономикалық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. тиісті жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдем көрсету;	едәуір
	2. қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ балалар тәрбиелеп отырған және он сегіз жастан асқан адамдарды күтіп-бағатын отбасыларға өзін-өзі қамтамасыз ету және отбасының материалдық жағдайын жақсарту мәселелері бойынша консультациялар жүргізу	едәуір
8	Әлеуметтік-құқықтық қызметтер көрсету шарттарын сақтау: 1. заңдық консультациялар беру және заңдық көмек көрсету;	едәуір
	2. қорғаншылық немесе қамқорлық функцияларын жүзеге асыратын органдарға балаларды асырап алуға, қамқорлыққа, патронатқа, қорғанышы болуға жәрдем көрсету;	болмашы
	3. кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға бала тәрбиесінен жалтаратын ата-аналарға ұсынымдар ресімдеу;	едәуір
	4. көрсетілетін қызметті алушыларға немесе олардың отбасы мүшелеріне отбасында жасалған физикалық және психикалық күш көрсетуде кінәлі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға жәрдемдесу;	едәуір
	5. адвокаттың заңдық көмегін тегін алуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету	едәуір

1.6 Уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілер/ұйымдар үшін критерийле

1	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсету шарттарын сақтау:</p> <p>1. интернат үйлерінде, оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік бейімдеу орталықтарында қызмет көрсетілетін адамдар үшін заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтандыруды қоса, тамақ ұсыну;</p>	өрескел
	2. төсек-орын ұсыну, тұру үшін жағдайын жасау, көзделген жұмсақ инвентарды ұсыну;	е д ә у і р
	3. жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы, тұрмыстық қызмет көрсетудегі әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету;	едәуір
	4. көлік қызметтерін ұсыну;	едәуір
	5. санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес тұру жағдайына қолдау көрсету, баратын жеріне дейін ілесіп жүру қызметтерін көрсету;	едәуір
	6. тұрмыста өз-өзіне қызмет көрсету, санитарлық-гигиеналық рәсімдерді жүзеге асыру үшін жағдай жасау;	едәуір
	7. бұрынғы тұрғылықты жеріне жіберуге жәрдем көрсету	болмашы
2	<p>Әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсету шарттарын сақтау:</p> <p>1. алғашқы медициналық тексеруді және санитарлық тазалауды жүргізуді, дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді жүзеге асыру;</p>	ө р е с к е л
	2. мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға, протездік-ортопедиялық және есту протездік жәрдем көрсету;	едәуір
	3. емдік манипуляциялар жүргізу;	едәуір
	4. медициналық консультациялар беруде, дәрілік заттармен қамтамасыз етуде жәрдем көрсету	едәуір
3	<p>Әлеуметтік-психологиялық қызметтер көрсету шарттарын сақтау:</p> <p>1. психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультацияларды, түзетуді жүзеге асыру;</p>	едәуір
	2. психологиялық көмек көрсету, психологиялық тренингтер өткізу;	едәуір
	3. әлеуметтік-психологиялық патронаж, психопрофилактикалық жұмыс жүргізу	едәуір
4	<p>Әлеуметтік-еңбек қызметтерін көрсету шарттарын сақтау:</p> <p>1. кәсіптік бағдар беру, оңалту, еңбек дағдыларын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды және қолжетімді кәсіптік дағдыларға үйрету жөніндегі іс-шараларды өткізуге жәрдемдесу ;</p>	е д ә у і р
	2. еңбек дағдыларын тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	болмашы
5	<p>Әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсету шарттарын сақтау:</p> <p>1. мерекелер мен бос уақыттағы демалыс іс-шараларын ұйымдастыру;</p>	едәуір
		едәуір

	2. клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;	
